

Бала дамуындағы жас ерекшеліктердің көрсеткіштері

Нәрестелік кезең 0-1жас

Сәбилік кезең 1-2жас

Бірінші сәбилік кезең 2-3жас

Екінші сәбилік кезең 4жас

Естияр тобы 5жас

Ересектер тобы 6жас

Екінші сәбилік кезең 4жас

Бала дамуының төртінші жылы екінші сәбилік кезең деп аталады. Бұл шақтағы баланың, дамуына ерекше мән беріледі. 4 жастағы ұл баланың бойы – 100-109 см, салмағы – 15-19,5 кг, қыз баланың бойы – 98-109 см, салмағы - 14,8-19,8 кг, көкірек қуысы аумағы аумағы 51-56 см. Миының құрылымы мен сезімталдық қабілеті әрі қарай дамиды, белсенділігі артып, қимыл қозғалысы үйлесімді бола түседі. Көрнекі бейнелі ойлау қабілеті дамиды. Осының өзі баланың нақты бейнелі қабылдауынан шығып, ойлауына, есте сақтау қабілетіартуына мүмкіндік жасайды. Бұл кезде бала есте сақтау мен есіне түсіруді басқару мүмкіндігіне жетеді, бірақ есте сақтау қабілеті шектеулі. Баланың мінез құлқы да айтарлықтай өзгереді. Сәбилер түрлі себептерге, сол сәттегі жағдайларға байланысты туатын сезім мен тілектің ықпалынан пайда болатын әрекеттер жасайды. Олардың іс әрекеті күрделенуіне байланысты танымдық құштарлығы пайда болады. Оның өмірінде мазмұнды ойындар үлкен орын алады, Ойнау ұзақтығы 10-15 мин болады. Бұл жастағы баланың ең маңызды ерекшелігі - өзіндік тілегі бар жеке адам екенін сезіне бастауы. Бала үлкендердің көмегі арқылы айнадан, суреттен өзін тани (2,5 жастан) бастайды. Өзінің басқалардан бөлек екенін сезінеді. Кейбір оңай іс әрекеттерді үлкендердің көмегінсіз ақ істей алады. Бұл үлкен адамдарға жаңаша қарауына, өзін үлкендермен салыстыруына , еркін, дербес болуына жетелейді. «Үлкен болуды армандайды».

Оған тілегі мүмкіндігі сай келмейді. Сондықтан сәби өзінің талап тілегін үлкендерге қарсы қояды. Міне, үш-төрт жастағы дағдарыс (өтпелі құбылыс) осылай басталады. Үлкендер рұқсат етпеген нәрсені әдейі жасап өзінің үлкендігін, тәуелсіздігін, күштілігін көрсеткісі келеді. Осылайша баланың үлкен болуға ұмтылуынан тәрбиеде қиындықтар туады. Осы кезде үлкендер бала дербестігіне жол беріп, әдепті мінез құлық көрсету, тілегін ойын түріне айналдыру, орындау арқылы дағдарыс кезеңінен оңай өтеді.

Естиярлар тобы 5 жас

Бала өмірінің 5 жылы естиярлық кезең. Мұнда бала жылына 5-7 см өсім салмағы 1,5-2 кг артады. Естиярлар тобында баланың омыртқасы жақсы дамығанмен әлі нәзік, күш түсіретін жаттығулар берілмеуі керек. Бұлшықеттері біркелкі дамымайды. Қимыл аппаратының дамып жетілуі тұқымқуалаушылық пен сыртқы факторларға (тамақ, тұрмыс, жағдайы, қозғалыс белсенділігі, т.б.) байланысты. Баланың көру, есту мүшелерін күту өте қажет, әйтпесе көздің қарашығы, қысымы, бұлшық еттері өзгеріске алыстан немесе жақыннан көре алмау сияқты ақаулар пайда болады. Бұл кезде балаға шу да қатты әсер етеді. Орталық жүйке және баланың физиологиялық психологиялық жағынан жұмыс істеуін басқарады. Бала жүйкесінің қозуы мен тежелуі үлкен адамдардікі сияқты негізгі үш қасиетімен - күшпен, өзін-өзі ұстаумен, қозғалғыштығымен сипатталады. Ойлау мен сөйлеуді қатар алып жүреді. Үлкендердің айтқанын қисынсыз қабылдайды. Олардың негізгі іс – әрекет түрлерін және жүйкені дамыту өзара байланысты. Қабылдау, қиял, ес, зейінін дамыту ойын, еңбек, оқу ісінде жүзеге асады.

Ойын бала психикасында сапалық өзгерістер тудырады, олар мазмұнды ойындардың негізі адамдар арасындағы қарым – қатынастыр, қоғамдық өмірмен, қызметімен (үлкендердің) танысады, қарым қатынас ережелерін орындауға үйренеді. Баланың уақытпен (бүгін, ертең, кешке, қазір) танысуы үлкендер көрсеткен өлшеммен басталады. Ал жыл мезгілі туралы ұғымды табиғаттың маусымдық құбылыстарымен таныса отырып меңгереді. Ойлауы бейнелі сипатта болады. Ойлауды дамытуды (талдау, жинақтау, салыстыру, толықтыру, түрлендіру) баланың жалпы әрекетінен, тәрбиесінен, өмір жағдайынан бөліп қарауға болмайды. Бұл жаста бала ана тілін игеруге бейімділігі жетіліп, барлық дыбыстарды дұрыс айтады, лексиканың түрлі формаларын пайдалана алады. Байланыстыра сөйлеудің элементтері қалыптаса бастайды. Естиярлардың әңгімесі 24-25 сөзден тұрады. Ойын кезінде 30 минут ішінде 180-210 сөзге дейін артады. Баланың өз әрекетін сөзбен бекіту іскерлігі мен тілегі күшейеді.

Ересектер тобы бжас

Алты жасқа қараған бала денесінің дамуында ерекше өзгеріс байқалады.

Бойы – 116 см, салмағы 21,5 кг (ұл мен қыз). Көкірек қуысы иығы жамбасы ұлғаяды, аяқ башпайлары мен қолының саусақтары ұзарады. Онымен бірге дене мүшелерінің айырмашылығы көріне бастайды. Дене мүшелерінің дамуы бір бірімен өте тығыз байланыста өтеді. Баланың мінез құлқын реттеуде жоғары ми қабығының мөлшері артып, жоғары жүйке қызметі жетіле түседі. Бұл топта әр түрлі лексиканы игерумен қоса синоним, бейнелеу сөздерін пайдаланады. Ол зат есім, сын есім, етістік түрлендіріп қолданады. Байланыстырып сөйлеуі қалыптасып, олар 30-60 сөзден әңгіме құрай алады. Өзін өте қызықтырған әңгіме болса 150-200 сөзді пайдаланып, әңгімелеп береді. Олар бір сөзді қайталауды, жалғауларды жиі пайдалануды жақсы көреді, сондықтан олардың сөйлемдері 20 сөзден құралуы мүмкін. Бұларға күрделі сөйлемді дұрыс құруды, жалғауларды дұрыс жалғауды, дауыс ырғағын пайдалануды үйрету керек.

Бұл жаста балалардың ойын, еңбек т.б. әрекеттер кезінде сөйлеу белсенділігі алдыңғы кездегімен салыстырғанда 2-3 есе төмендейді. Мұның себебін зерттеушілер осы кездегі сыртқы сөйлеудің ішкі түсінуге ауысуынан деп біледі. Сондықтан балалардың сөйлеу тілінің дамуына ерекше мән бере басшылық жасау керек. Ересектердің үлкендермен құрдастарымен қарым – қатынасы күрделеніп, іс әрекеттің мазмұны түрі (ойыны, оқуы, еңбегі) байи түседі, мақсатты сипат алады.

Ойлаудың жоғары формасы – көрнекі ойлауы, шығармашылықтан кейбір элементтері көрініс табады. Мұқият тыңдау есте сақтау, еркін есте сақтау, танып білген заттары мен құбылыстарын талдау, кейбір белгілерін ажырату, салыстыру қарапайым қортынды жасау қабілеттері дамиды. Өз шамасына сай кедергілерді жеңуді, қолы жеткен нәтижесін дұрыс бағалауды, өзара көмектесуді игереді, бірге ойнайтын балалар тобы пайда болады. Бұл кезде баланың білуге ынтасы артып тілі, ақыл ой қабілеті, қиялы белсенді дамиды, өзіне тән дербес іс әрекетті жақсы орындай алу дәрежесіне жетеді.